Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Топ: Ересек «Күншуақ» тобы

Балалардың жасы : 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 17.10 - 21.10.2022ж (II - апта)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.10.2022	Сейсенбі 18.10.2022	Сәрсенбі 19.10.2022	Бейсенбі 20.10.2022	Жұма 21.10.2022
Балаларды қабылдау	№1 Қ/ойын: «Қарағайлы ормандағы аю» Мақсаты: Жылдамдыққа ептілікке баулу	Қ/ойын: «Қаздар» Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілеттерін дамыту	Қ/ойын»: «Аққу қаздар» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа аңғарымпаздыққа баулу	Қойын: «Паравоз» Мақсаты: Бір-бірінің артына тіркеліп жүруге,өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету	Қ/ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа ептілікке баулу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата аналардың топқа жасап беріп жатқан заттары туралы пікір алмасу	Ата-аналарға балалардың күз мерекесіне киетін киімдері туралы айту	Кеңес: Ата-аналарға баланы Балабақшадан алып қалған жағдайда уақтылы ескертуін кеңес беру	Кеңес: Балалардың тақпақтарын үйде қайталатып отыруларын кеңес беру	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел-үсті ойыны: «Жоғалған зат» Ойын барысы: Үстел үстіне үй жануарларының суреттері қойылады. Бала мұқият қарап алады. Бала теріс қарап тұрады. Бір сурет алынып тасталады бала сол алынған жануар суретін айтуы керек. Ойын солай жалғаса береді. (сөйледі дамыту, көркем әдебиет)	Үстел-үсті ойыны: «Мен 5 заттың атауын білемін» Ойын барысы: Бұл топтық ойын. Балалар шеңберге отырғызылады, қолдары на доп беріледі сол допты бірі біріне бере отырып пішіндерді атайды дөңгелек, үш бұрыш, сопақша т/б. (математика негіздері)	Үстел-үсті ойыны: «Қайтала» Ойын барысы: Балалар 2-бала ойнайды, қолдарына шырпы шиінені беріледі балалар содан пішіндерді құрастырады. Екінші бала қарап тұрады, соны қайталап құтастырады. Ойын солай жалғаса береді. (математика, құрастыру)	Үстел-үсті ойыны: «Менің сүйікті ертегім» Ойын барысы: ертегі кейіпкерлерінің мінезін сипаттауға үйрету, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу, Ойын шарты: сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Д/ойыны: «Сарғайған жапырақтар» Мақсаты: Балаларға күз көрінісін қағаз бетіне түсіруді, бояуларды дұрыс таңдауға, желімді жағуға баулу (сурет салу, жапсыру)
Таңертенгі жаттығу	Картотека №4	Картотека №4	Картотека №4	Картотека №4	Картотека №4

Таңғы ас	Ас ішу тәртібі: аузында тамақ тұрғанда сөйлемейді.	«Кезекшімін мен бүгін асханада»Ө.Ақылбеков жаттау	Ырым тыйым сөздер: нанды бір қол мен үзуге болмайды	Дастархан басында қасынуға болмайды	Ас туралы мақал-мақал «Ас иесімен тәтті»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу.	Кітап қайдан келді? Тақырыбында әңгімелесу	Бірлескен жоспарларды мәселелерді талқылау	Балалардың қызығушылығы бойынша әрекет түрін таңдау	Ертегі оқып беру Балалардың сұрауы бойынша
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/о: «Ұзын-қысқа» Мақсаты: Ұзын-қысқа жолдар, екі затты салыстыру тең-немесе тең емес ұғымдарын салыстыру, конструктордан жол құрастыру (Математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша)</p> <p>Қ/ойын: «Қояндар мен Қасқыр» «Шалқан» (орыс халық ертегісін) сахналау Мақсаты: Балаларды драматизация ойындарына қатысу ниеттерін дамыту (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Д/о: «Мырғау» Мақсат: Балаларға жануарлар туралы түсінік беру арқылы сурет салуға қызығушылық таныту (сурет салу)</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/о: «Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу. Мақсаты: кітаптардан суреттерін қарау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Д/о: «Ғажап пішіндер» Мақсаты: Балаларға суретін салу, мүсінін жасау немесе киып бейнесін жапсыруды үйрету. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша)</p> <p>Қазақ тілі «Ақылды Үкіде қонақта» Қ. Баянбаевтың «Киіз үй» өлеңі Міндеттері: туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; қазақ халқының тұрмысымен таныстыру; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. (қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>«Түрлі түсті көліктер» Мақсаты: Көліктерді түстеріне қарай орналастыру. (Математика негіздері) Д/о: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Қиынды</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/ойын: «Артында-алдында» Мақсаты: Балаларға заттардың орналасқан бағытын ажырату (математика негіздері, құрастыру)</p> <p>Д/о: «Жеміс бағына саяхат» Мақсаты: Сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>

				суреттерден бағдаршамды құрастыру. Қылқаламға желім жағып жапсыру (Құрастыру, сурет салу, жапсыру)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Серуен № 31	Серуен №32	Серуен № 33	Серуен № 34	Серуен №35
Серуеннен оралу	Артикуляциялық жаттығулар «Ат шауып келеді» Сипаттамасы: ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыру –ажырату немесе таңдай қағу Тілдің көтерілуін толықтай қадағалау керек	Артикуляциялық жаттығулар «Саңырауқұлақ» Сипаттамасы: ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты басып ұстау.	Артикуляциялық жаттығулар «Гармошка» Аузыңды кең ашып гармошканың жұмысын жасау қалпын көрсету. Қайталап ауызды Қатты ашып тілді жоғары қалпта ұстау керек	Артикуляциялық жаттығулар «Өткеншек» Сипаттамасы: ауызды кең ашып, жалпақ тілді астыңғы тістердің артына орналастыру. Осы қалптан тілді жоғары көтеріп, дәл оылай істеу керек.	Артикуляциялық жаттығулар «Жылан» Сипаттамасы: аызды кең ашып, тілді молырақ алға қарай жылжытып, жіңішкертіп ұтайтып ұстап, сосын осы қалыпта ауыз қуысына кіргізу керек.
Түскі ас	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз.	Бата: Асың-асың асыңа берекет берсін басыңа, Дастарқаның мол болсын! Балабақшамызда күнде той болсын!	Бата: Ас берсін көп берсін есесін алла жеткерсін, Дастарқанымыз мол болсын, Алдарымыздан жарқыраған жол болсын!	Бата: Асың-асың асыңа берекет берсін басыңа, Дастарқаның мол болсын! Балабақшамызда күнде той болсын!	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз

Күндізгі ұйқы	Балаларға ертегі оқып беру. Баяу музыка мен ұйқыға жатқызу	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау	Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сергіту гимнастикасын жүргізу. Салқын сумен шайыну.	Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.	Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну. Ауаны алмастырып таза ауада дем алу.	Беті-қолын, мойынын салқын сумен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу.
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>«Жеміс-жидектер» Мақсаты: балаларға күз мезгіліндегі бақша өнімдері мен таныстыру қағаз бетіне бейнелуді, қайшыны дұрыс ұстап қиюды, ермексаздан домалақ және сопақша пішіндерді алақан арасына салып домалатуды үйрету (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Ойын; «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға ұшатын және ұшпайтын заттар туралы түсінік бері</p>	<p>Д/ойын: «Менің сүйікті кітабым» Мақсаты: Қағаздан тікбұрышты қыйып алу, жартысын бүктеу, жапсыру тәсілдерін үйрету. (Кұрастыру, жапсыру)</p> <p>Д/ойын: «Кемелер» Мақсаты: Балаларды суда жүретін көлік түрлерімен таныстыру, кемеңі мүсіндеуге үйрету (Қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)</p>	<p>Д/о: «Көліктер» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру, ауада ма? суда ма? жерде ма? оларды ажыратуға баулу (қоршаған орта таныстыру)</p>	<p>Д/о: «Күзгі орман» Мақсаты: Фотосуреттерді қарау ауа-райының құбылыстары туралы әңгімелесу, жемістерді мүсіндеуге баулу (қоршаған орта, мүсіндеу)</p>	<p>Д/о: «Ақша бұлттар» Мақсаты: Балаларды маусымдық өзгерістермен таныстыру (қоршаған орта)</p>

	(Қоршаған орта таныстыру)				
Балалармен жеке жұмыс	Айбибі, Ықсан мен санауды және түстерді ажыратуды қайталау	Айару А., Жанерке суреттің шетіне шығармай бояуды қайталау	Алинұр, Айша тақпақтарын қайталау	Балалармен «Күз-күз әнін жаттау»	Ержан, Салих ермексаз кесектерін алақан арасына салып жұмсарту тәсілдерін үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Серуен Қ/о: «Қасқыр мен қояндар» Еркін ойындар	Серуен Қ/о: «Автомобиль мен торғайлар» Қ/о: «Күн мен түн»	Серуен Қ/о: «Мысық пен тышқан» Еркін ойын	Серуен Қ/о: «Ұшты-ұшты» Қ/о: «Қуып жет»	Серуен Қ/о: «Қасқыр мен қояндар» Қ/о: «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарды әдепті сөздерді үйретуді ескерту	Кеңес: Үйде кітап оқып беруге кеңес беру	Баланың өздігінен киініп шешінуін қадағалап талап ету	Баланың күн тәртібін сақтауды ескету	Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Топ: Ересек «Балапан» тобы

Балалардың жасы : 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 24.10 - 28.10.2022ж. (III - апта)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.10.2022	Сейсенбі 25.10.2022	Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022
Балаларды қабылдау.	Таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу әуенмен “Аааа”дыбысын айтамыз (музыка,сөйлеуді дамыту)	Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күймен әуенмен қарсы алу.(музыка, сөйлеуді дамыту)	Табиғат бұрышындағы еңбек.Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектесу. (қорш.орт.таныс)	Балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу әуенмен (музыка,сөйлеуді дамыту)	Жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)	Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру «Отбасым-ортақ мекенім!»	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнел еу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Д\о: Кім қандай көлікті қалайды Шарты: Балаларға көлік түрлерін суреттен көрсете отырып, оның қайда жүретінін, қандай қызмет атқаратынын сұрап, «осы көліктің қайсысын қалар едің?» деген сұраққа жауап береді (қоршаған ортамен танысу, сәйлеуді дамыту)</p>	<p>Д\о: Үй жануарлары Мақсаты: Үй жануарларының дауыстарын анықтап, олардың суретін салу, дауыстарын еліктеп көрсету. мазмұны: Мал қалай дауыстайды?: Қой маңырайды, Қозы жамырайды, (көркем әдебиет, сурет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Д\о: «Мынау кім?» Шарты: Әр бала суретке қарап, өз отбасы туралы әңгімелейді. Төмендегі дей сұрақтар қойылады: Атың кім? Сенің ағаң бар ма? Қай топтасың? Үлестірмелі суреттерден жануарлар суретін құрастыру (сөйлеуді дамыту, құрастыру)</p>	<p>Көркем оқу “Қиял” Қадыр Мырза Әли Барар едім бақшаға Жаяу жүрер жоқ шама Мені мұнда көке, сен Ұшақпен әкелсең! Нең кетеді, немене Алып келсең кемемен! Көңіл үшін желікпе Машинада көлікпе! (көркем әдебиет)</p>	<p>Кітапқа қызығушылыққа баулу. Ертегі «Ат пен есек» (халық ертегісі) Ертегіні өз ойларымен түсінігін жеткеру (көркем әдебиет, қоршаған орта)</p>
<p>Таңертенге жаттығу</p>	<p>Картотека №4</p>	<p>Картотека №4</p>	<p>Картотека №4</p>	<p>Картотека №4</p>	<p>Картотека №4</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>«Ас ішу тәртібі» (әңгіме)</p>	<p>«Ас атасы - нан» (тақпақ)</p>	<p>«Таза қолдар» (ойын жаттығу)</p>	<p>«Дастархан басындағы дәстүрлер» (әңгіме)</p>	<p>«Ас адамның арқауы» (сұхбат)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша) “Бақшада” Өлең Мысық Оразақын Асқар (көркем әдебиет) Д\о: «Дәннен тәтті нанға</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша) Қ\о : “Менің шымыраған көңілді добым” Д\о: «Жәндікте неше аяқ бар?» Мақсаты: Балардың</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша) Д\о: «Астана бас қала» Мақсаты: Астана қаласы туралы терең түсінік беру, елін, жерін сүйуге, туған жерін мақтан тұтуға тәрбиелеу. Астана қаласындағы</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша) Қазақ тілі «Құстар біздің досымыз» Шарты: Балаларға құстардың суреті таратылып беріледі. Әр бала суреттегі құстың атын табады суретін</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша) “Құлыншақ” Ж Турсынбаева “Біздің ағай” Қ Қуатбаев Ырғақтық қимыл “Қамажай” халық</p>

	<p>дейін» Мақсаты: Нанның қалай жасалатыны туралы білімдерін бекітіп,жүйелеу;егіншілерді құрметтеуге баулу; Балаларға нанның суретін салдыру,ұсақ материалдан құрастыру,ермексаздан мүсіндеу. (мүсіндеу, сурет, құрастыру)</p>	<p>санау және есептеу дағдыларын қалып тастыру. Жәндіктер туралы түсініктерін жаңарту. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.Ермексаздан жәндіктерді мүсіндеу. (мүсіндеу, қоршаған ортмен танысу, математика)</p>	<p>ғимараттарды сурет бойынша атап,ұсақ суреттерді жапсыру. Ермексаздан пирамида мүсінін жасау (қоршаған ортамен танысу, жапсыру, мүсіндеу)</p>	<p>салады,санайды. Оның тіршілігі туралы әңгімелейді. Құс туралы жұмбақ,тақпақ немесе жаңылтпаш айтып береді. (матем,сурет,көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Д\о: «Міне, осылай дыбыстарды атайды» Ойынның мақсаты: дыбыстарды дұрыс әрі нақты айтуға үйрету. (Сөйлеу дамыту, жапсыру)</p> <p>Д\О:«Санау таяқшаларынан бейнелерді құрастыр» Мақсаты:Берілген пішіндерге қарап,санау таяқшаларынан белгілі бір бейнелерді құрастыруға үйрету.Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып,қанша санау таяқшасынан жапсыру және ненің бейнесін жапсырғанын, құрастырғанын айтып беруге жаттықтыру. (жапсыру,құрастыру,математика)</p>	<p>әуені Д\О: «Орман дүкені» Таразы табағының төмен тұрғанына жеңіл затты, жоғары тұрғанына ауыр затты салады. Заттар педагогтің қалауы бойынша таңдалып алынады (бұлар үлкенді-кішілі көкөністер, саңырауқұлақтар, жемістер болуы мүмкін).саңырауқұлақ суретін салу, ермексаздан мүсіндеу. (мүсіндеу, сурет, математика)</p> <p>Д\О: «Сол жақ - оң жақ» Өзіне қатысты бағдарлай алу. Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді. Бұл - сол қол. Бұл - оң қол. Бұл - сол аяқ. Бұл - оң аяқ. Мынау - біздің сол құлақ.</p>
--	--	--	---	---	--

				<p>ДЮ: Дастархан мәзірі Мақсаты: Балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауын ажыратып атай білуге үйрену. сөздік қорын байыту. Балаларға ермексаздан ұсақ заттардың суретін бейнелеу. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)</p>	<p>Мынау - біздің оң құлақ. Ал, міне - сол жақ көз. Көзін алақанымен жабады. Ал, міне - оң жақ көз. -Ку-ку. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау</p>				
	«Орнынды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу	«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну	«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау	«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту.
Серуен	Серуен №36	Серуен №37	Серуен №38	Серуен №38	Серуен №40
Серуеннен оралу	<p>Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б.</p>				
	<p>Артикуляциялық жаттығу Ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарғы альвеолаға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек. Бала Д-Д-Д немесе Т-Т-Т деп айтуы керек.</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға қарай созу, біресе иекке созу, жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10-15 рет қайталау керек.</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Ауызымызды жауып тіліміздің ұшын ұртымызға кезектестіріп тигіземіз.</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу Күлімсіреп ауызымызды ашамыз. Тіліміздің ұшымен үстіңгі және астыңғы тізімізді тазалаймыз.</p>
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу, еңбек</p>				

	<p>қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемей, алғыс айту)</p>				
	<p>Ырым тиым сөздер” Тамақ ішіп отырып сөйлемей</p>	<p>.Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға.</p>	<p>Ырым, тыйым сөз Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.</p>	<p>Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.</p>	<p>“Мен кезекшімін” Қажетті ыдыс-аяқтарды орындарға.Салфетка қойып үстіне қасықтарды қою.“</p>
<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тындау). Ертегі айту, кітіп оқу</p>				
	<p>Тыныш күйге енеді, Тәрбиеші ертегі оқып береді. Әуен жай қосулы тұрады.</p>	<p>Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)</p>	<p>Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)</p>	<p>Тып-тыныш күйге енеді.Жай әуен қосулы тәрбиеші кітап оқыпбереді.Балалар ұйқығакетеді</p>	<p>Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары</p>	<p>Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)</p>				
	<p>Беті-қолын, мойынын салқын сумен жуу.</p>	<p>Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.</p>	<p>Көзге арналған жаттығулар.</p>	<p>Сергіту гимнастикасын жүргізу.</p>	<p>. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну.</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру</p>				
	<p>Өз -өзіңе қызмет ет, Өзгеніде құрмет ет</p>	<p>Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»</p>	<p>«Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»</p>	<p>Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты</p>	<p>Дастархан басында Жан-жағыңа қол созба.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды</p>	<p>Д\О: «Сиқырлы сандар Мақсаты: Балалардың логикалық ой өрістерін</p>	<p>Д\О: Ғажайып дорба Мақсаты: Әуенмен дорбадағы асықты алып,</p>	<p>Дербес ойын «Пазл» Мақсаты: Балалар пазлдың ұсақ бөліктерін</p>	<p>Қ\О: “Қарағайлы ормандағы аю” Мақсаты: жылдамдыққа</p>	<p>Д\О: «Кім жылдам?» шарты: себеттің</p>

ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнел еу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	кеңейту 1-ден 5-ге дейінгі кеспе сандар таратылады, сандарды тура , кері санау Сандардың суреттерін ретімен жапсыру (математика, жапсыру)	сызбасын құрастыру,ересек тердің көмегімен асық суретін жапсыру, желімдеу, берілген сұрақтарға жауап беру (құрастыру, жапсыру, музыка)	орналастыра алады. (Құрастыру) Д/О: «Қоян» Мақсаты: Қарапайым қатынастарды сақтай отырып жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету. (Көркем әдебиет, мүсіндеу)	ептілікке баулу. Ойын әуенмен басталады. (дене шынықтыру, музыка)	айналасында жемістер мен көкөністер аралас жатыр. Себеттің ішіне тек жемістерді жинап салу керек.Жемістерден дөңгелек,үшбұрыш желімдеу,көкөністен көліктерқұрастыру (жапсыру, құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Айару М., Ержан Бала өзінің «Мен» бейнесін көрсете білуге қалыптастыру	Мәриам, Ұлжан ойын ашық айтадуға, өзінің пікірін білдіруге баулу	Алдияр Е., Алдияр Қ. қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңдерді ажыратуды үйрету.	Медина К., Матвей сурет салуда әртүрлі түстерді қолдана алады	Айару А., Әлихан қаламды дұрыс ұстауды үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Кітап оқып беру	Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу	Күз келді өлең	Тақпақ күз туралы	киімдерін ұқыпты жинау
Серуен	Ойын алаңдарын тазлау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
Балалардың үйге қайтуы	ата-аналардың сұрақтарына жауап кеңес түрлерін беру	ата-ананың баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі сұрақтарына жауап беру	Балалардың жетістіктері туралы айту	«Кешігу және сабақты жіберіп алу» тақырыбында ата-аналармен жеке әңгімелер.	«Күзгі қиялдар» балалар-ата-аналар жұмыстарының көрмесі

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Топ: «Күншуақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.10 – 04.11 2022 ж. (IV- апта)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Әнұран айту. «Көлік түрін анықта» Мақсаты: көлік құралдарын көлік-тердің түрлеріне байланысты ажырата білуге үйрету. Балалар көлік құралдарының суреті бар кар-точкаларды тақтаның арнайы бөліктеріне атын айтып орналас-тырады. (Қоршаған ортамен танысу, құрастыру)	Д/О:«Жаңылтпаштар» Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Әнұран айту. Балалармен әңгімелесу Мен қандаймын? Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра алады. (Көркем әдебиет, музыка)	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Үстел үсті ойыны «Жоғалған зат» Ойын барысы: Үстелдің үстіне бір-неше зат қойылады. Мақсаты: Балалардың зейінін, жылдамдылығын арттыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды	Д/О: «Бағдаршам көздерін ретімен қой» Шарты: Көздерін	Д/О:«Төртіншісі артық» Мақсаты: логикалық	Үстел-үсті ойыны: « Шалқан » ертегісі Мақсаты: Балаларға	Д/О: «Көліктер» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру,	Д/О: «Не қайда жатыр?» Ойынның

<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</p>	<p>ретімен қой, бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. (Мүсіндеу)</p>	<p>ойлау дағдыларын жетілдіру. (Математика негіздері)</p>	<p>үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. Жақсы таныс ертегілердің үзінділерін бірнеше сөздермен әңгімелеп беру. . (Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)</p>	<p>ауада ма?суда ма? жерде ма?оларды ажыратуға баулу (қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>мақсаты: Баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру. (Сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.</p>				
	<p>№ 5/құралсыз</p>	<p>№ 5/құралсыз</p>	<p>№ 5/құралсыз</p>	<p>№ 5/құралсыз</p>	<p>№ 5/құралсыз</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).</p>				

<p>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/О: «Цирктің әртістері» Мақсаты: балалардың 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту. (Математика негіздері, құрастыру)</p> <p>Д/О: «Кім? Не?» (зат есімдер) Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. (Қазақ тілі)</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша)</p> <p>Д/О: «Әдемі кесе» Мақсаты: дөңгелек ермексаздың ішін шұңқырлау арқылы кесе жасау, кесені әшекейлеу тәсілін үйрету (Мүсіндеу, жапсыру, сөйлеу дамыту).</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/О: «Бөлмеде не бар?» Мақсаты: Тұрмыстық заттар мен топ бөлмесінің жиһаздарын дұрыс атау және қолдану ептілігін жетілдіру. (Сурет салу, жапсыру)</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша)</p> <p>Қазақ тілі «Кімнің үйі?» Ойынның мақсаты: Кімнің, ненің қайда тұратынын ажырата білу (Математика негіздері, қазақ тілі)</p> <p>Д/О: «Кім ережені бұзды?» Мақсаты: балалар бағдаршам мен жолдағы жағдайлар мен оларды талдау арқылы жол ережесін сақтау. (Құрастыру, мүсіндеу)</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/О: «Кітапша» Міндеті: қағаздан көлемді пішіндерді жасай алуға дағдыланады; ұқыпты жұмыс жасай біледі. (Сурет салу, құрастыру)</p> <p>Д/О: «Ойыншық арба»: Міндеті: Қол арба туралы мағлұмат беру; қол арбаны мүсіндеу техникасын меңгерту. (Жапсыру, мүсіндеу)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау.</p>	<p>Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.</p>	<p>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа – рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.</p>
<p>Серуен</p>	<p>№ 43</p>	<p>№ 44</p>	<p>№ 45</p>	<p>№ 46</p>	<p>№ 47</p>

Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі Сөйлеуді дамыту	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.
	Артикуляциялық жаттығулар №1	Артикуляциялық жаттығулар №2	Артикуляциялық жаттығулар №3	Артикуляциялық жаттығулар №4	Артикуляциялық жаттығулар №5
Түскі ас	<p>Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. (Көркем әдебиет) Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин</p>				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі Көркем әдебиет	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі Көркем әдебиет Сөйлеуді дамыту	«Сандар» әнін тыңдату. Математика негіздері
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 11	№ 12	№ 13	№ 14	№ 15
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен таусып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті</p>	<p>Мен атама тартқанмын. (Өлең) Әдібай Табылды Міндеті: Өленді тыңдату, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлу. Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді айтқызу. (Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, сурет салу)</p>	<p>Д/О: «Кірпі» Міндеттері: ермексазды алақан арасына және жазықтықта домалату арқылы кірпіні мүсіндеуге үйрету; саусақтың ұсақ бұлшық ет-терінің қозғалысын жетілдіру. (Сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>Д/О: «Көршісін тап» Сан құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету. (Математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>Д/О: «Алтын күз» Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту. (Жапсыру, сурет салу)</p>	<p>«Менің Отаным-Қазақстан» Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүйуге тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Қоңырау» Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ержан мен Айша Ж.</p>	<p>«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету Ұлжан мен Мәриамды. (Көркем әдебиет, қазақ тілі, музыка)</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Камила мен Торахмет (Мүсіндеу)</p>	<p>«Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу Дінмұхаммед пен Расул (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Алдияр Е. мен Дильназ.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық</p>	<p>Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.</p>	<p>Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға</p>	<p>Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер</p>

	ережелерді қайталау.		алып шығуға дайындап қою.		өткізу.
Серуен	Серуен Ұ/О №3 Арқан тарту	Серуен Ұ/О №7 «Сақина тастамақ»	Серуен Ұ/О №11 Допты қуып жету.	Серуен Қ/О №14 Итеріспек.	Серуен Қ/О №20 Ақ қоян
Балалардың үйіне қайтуы	Тақырыбы: «Шынығу – балалардың суық тиюінің алдын алудың бір түрі».	Жеке әңгімелер.	ата-аналардың баланы тәрбиелеу және дамыту туралы сұрақтарына жауап беру	«Сызықпен сурет салу» кеңес беру	«Күзгі фантазия» балалар-ата-аналар жұмыстарының көрмесі

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Топ: «Күншуақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.11. – 11.11.2022 ж. (I- апта)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. (Математика негіздері)	Дидактикалық ойын «Елтаңба мен ту құрастыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. Әнұран айту. Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру. (Жапсыру, қоршаған ортамен таныстыру)	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. (Сөйлеуді дамыту)	Әнұран айту. Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау. Д/О: «Қай аспап жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. (Музыка)	Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. (Құрастыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	«Торсық» Мақсаты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге	Д/ ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тапсырма-	Үстел-үсті/о: «Түсін тап» Мақсаты: түстерді сәйкестіндіру Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан	Д/ойын: «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі	«Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. (сөйлеуді дамыту)

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. (Мүсіндеу, жапсыру)	ларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту, балаларды әңгіме айтуға үйрету. (математика негіздері, сөйлеу дамыту)	және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру; (қоршаған ортамен таныстыру)	фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. Дене шынықтыру				
	№ 5/құралсыз	№ 5/құралсыз	№ 5/құралсыз	№ 5/құралсыз	№ 5/құралсыз
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)</p>				
	«Ас ішу тәртібі» (әңгіме)	«Ас атасы - нан» (тақпақ)	«Таза қолдар» (ойын жаттығу)	«Дастархан басындағы дәстүрлер» (әңгіме)	«Денсаулық - зор байлық» (сұхбат)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Үстел үсті ойыны № 9 «Ұқсасын тап»	Ұ/О: № 7 Сақина жасыру	Үстел үсті/о: № 11 «Шалқан» ертегісі	Ұ/О: № 8 Ақсерек – Көксерек	Үстел үсті/о: № 12 «Лото»
	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Қ/О: «Қасқырға арналған қақпан»</p> <p>«Екі әтеш» ертегісі Мақсаты: Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу, кейіпкердің ерекше-</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша)</p> <p>Қ/О: «Сиқырлы таяқ»</p> <p>Д/О: «Кім? Не?» (зат есімдер) Мақсаты: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. (Сөйлеу дамыту,</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Қ/О: « Ақ сандық, көк сандық»</p> <p>Д/О: Жіпке тізілген моншақтар. Мақсаты: қағазды шиыршықтап, жіпке тізіп отырып,</p>	<p>Музыка (музыка жетекшінің жоспары бойынша)</p> <p>Қазақ тілі «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша)</p> <p>Д/О: «Көп және біреу» Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның мазмұны: балалар берілген</p>

	<p>ліктерін беру үшін мәнep-лiлiк құралдарын қолдана білу дағдыларын қалып-тастыру, ертегінің маз-мұнын түсініп, кейіпкер-лерге мінездеме бере білуге үйрету, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсете білуге тәрбиелеу. (Көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Д/О: «Бағдаршам» Шарты: Көздерін ретімен қой, бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. (Сурет салу, құрастыру)</p>	<p>музыка)</p> <p>Д/О: «Көлік түрлері» Шарты: Көлік түрлерімен таныстыру, қағаздан құрастыруға үйрету (Қоршаған орта, құрастыру, жапсыру)</p>	<p>моншақтарды құрастыра білуді үйрету және қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұсақ қол ұшы моториксын дамыту. (Құрастыру, сурет салу)</p> <p>Д/О: «Жұлдызқұрт жасау» Мақсаты: Балаларды бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндеуді, бүтінді бөлшектеуді, бөліктерді біріктіруге, белгілі бір орынға орналастыруды үйрету. (Қазақ тілі, жапсыру, мүсіндеу)</p>	<p>отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. (Көркем әдебиет)</p> <p>Д/О: «Кімде не бар» Шарты: Заттардың атын дұрыс атай білуге үйрету. (Құрастыру, мүсіндеу).</p> <p>Д/О: «Адасқан сандар» Мақсаты: баланың ойлау жылдамды-ғын арттыру. Шарты: Тәрбиеші 1,2,3,4,5 цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар адасқан санды үйшігіне орналастырады. (Математика негіздері).</p> <p>Қ/О: «Соқыр теке» Шарты: Ойында физикалық қасиеттерді (икемділік, ептілік) дамыту. (Математика негіздері. дене шынықтыру).</p>	<p>суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды (Математика негіздері, қазақ тілі)</p> <p>Д/О: «Әдемі кесе» Шарты: балаларға кесені әшекейлеу тәсілін үйрету, балаларды өз бетінше жұмыс істей алуға дағдыландыру, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу)</p>
--	---	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.
Серуен	№ 15	№ 19	№ 20	№ 21	№ 22
Серуеннен оралу	Артикуляциялық жаттығулар №4	Артикуляциялық жаттығулар №5	Артикуляциялық жаттығулар №6	Артикуляциялық жаттығулар №7	Артикуляциялық жаттығулар №8
Түскі ас	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу,				
	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.	Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Бата беру Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін!	«Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Көркем әдебиет	Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату (Музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі Көркем әдебиет.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі (Көркем әдебиет)	«Сандар» әнін тыңдату. Математика негіздері
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 16	№ 17	№ 18	№ 19	№ 21
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес іс-әрекеті	Д/О: «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау	Д/О: «Гостаған» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері	Д/О: «Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: сандар туралы түсінік беру. Санамақ жаттау.	Д/О: «Аквариумдағы балықтар» Мақсаты: Бейнені қағаз бет-іне орналастыра білуін	«Қазақстан – Отаным менің» (Әні: Қ.Баекенов, сөзі: К.Жармұхамбетова) Мақсаты: Балаларға

	<p>жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диканшылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау,себу,диқаншы, комбайын,элеватор,диір мен (Қоршаған ортамен таныстыру, кітап бұрышына саяхат сөйлеуді дамыту)</p>	<p>туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді, қарапайым композицияларды мүсіндеуге үйрету. (Сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>(Математика негіздері, көркем әдебиет)</p>	<p>және шығар-машылық қабілет-тін дамыту. (Жапсыру, сурет салу)</p>	<p>Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, кітап бұрышына саяхат, көркем әдебиет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Қоңырау» Сыңғырлайды қоңырау, Сыңғыр-сыңғыр етеді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Мурат пен Нұржан</p>	<p>Көркем әдебиет. қазақ тілі «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. Томирис мен Айару М.</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Бітқып-ытқып жүгірді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. Аружан мен Медина Ш</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Ержан мен Матвей</p>	<p>Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Алдияр К.мен Салих</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығу-шылықты арттыру. Балалардың рет-тілікпен киінуі, сер-уенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.</p>	<p>Құмнан түрлі құрылыстарды құрастыру үшін формаларды дайындау.</p>	<p>Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою.</p>	<p>Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.</p>

Серуен	№ 15 Қимылды ойындар: «Кім тез атайды?» «Телефон»	№ 19 Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Арқан тартыс», «Түлкі мен қаздар».	№ 20 Қимылды ойындар: «Белгіленген орынға қарай жүгір»	№ 21 Қимылды ойындар: «Көпірден өт»	№ 22 Қимылды ойындар: «Дауыл болып жүгір», «Секіріп өт».
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.	Жеке әңгімелесу	«Бала және компьютер», кеңес беру	Ата-аналарға кеңес: Балалардың күн тәртібін сақтауын қадағалау.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Топ: Ересек «Күншуақ» тобы

Балалардың жасы : 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 14.11. – 18.11.2022ж. (II- апта)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 14.11.2022	Сейсенбі 15.11.2022	Сәрсенбі 16.11.2022	Бейсенбі 17.11.2022	Жұма 18.11.2022
Балаларды қабылдау.	№1 Қ/О: «Кім заттарды көбірек жинайды?» Мақсаты:Ептілікке,жылдамдыққа баулу	№.5Қ/О: «Үрленген шар» Мақсаты:Балаларды жылдамдыққа ептілікке баулу	№43 Қ/О: «Түн мен күн» Мақсаты:Тез шешім қабылдай алуға жылдамдыққа сыйластыққа баулу	№44 Қ/О: «Түлкі мен балапандар» Мақсаты: Балаларды байқамбаздыққа шапшаңдыққа баулу	№46» (Қ/О: «Ұйқыдағы аю» Мақсаты:Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа баулу (дене шынықтыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың Жетістіктері туралы әңгімелесу	Кеңес: Ата-аналарға баланы Балабақшадан алып қалған жағдайда уақтылы ескертуін кеңес беру	Балабақшаға жылы киіндіріп әкелуге кеңес беру	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнел еу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>№40 Баяу қимылдық/ойын: «Паровоз» ойыны Мақсаты: Балалардың бірінің артынан бірі тұрып паровоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету (Сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Құлыншақ» Өлең С.Бегалин Мақсаты: Жануарлардың және олардың төлдерінің атауларын, өлеңдерді заттауда түрлі интонацияларды үйрету (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>№42 Қ/о: «Аю» Ойын барысы: Балаларды ұйымшылдыққа алғырлыққа баулу (Сөйлеуді дамыту)</p> <p>№ 104 Д/ойын: «Лего» Мақсаты: Конструкторлардан бөлшектерді көлденеңнен орналастыру туралы білімдерін бекіту. бөлшектерді құрастыра білуге баулу. (құрастыру)</p>	<p>№ 107 Д/о: «Алмалар» Мақсаты: Балаларға заттарды 5 көлемінде санау, үлгісі, аталған саны бойынша санауға үйрету (Математика негіздері) 111 Д/о: «Теледидар» Мақсаты: Балаларға ермексизден таныс заттарды мүсіндеу теледидардың қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру (мүсіндеу, қ/орта)</p>	<p>№4 Үстел-үсті ойыны: «Менің сүйікті ертегім» Ойын барысы: ертегі кейіпкерлерінің мінезін сипаттауға үйрету, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу, (көркем әдебиет) №114 Д/ойын: «Тәттілер» Мақсаты: Балаларға түрлі пішіндегі тәттілерді майда бөліктерді қысу арқылы мүсіндеуге баулу (мүсіндеу)</p>	<p>Өлең «Шөре-шөре» Мақсаты: Дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту. Сөздердің түрлі тәсілдерімен жасалуын зат есімдері жекеше және көпше түрде қолдану (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
<p>Таңертенге жаттығу</p>					
	<p>Картотека №6</p>	<p>Картотека №6</p>	<p>Картотека №6</p>	<p>Картотека №6</p>	<p>Картотека №6</p>
<p>Таңғы ас</p>					
	<p>«Ас ішу тәртібі» (әңгіме)</p>	<p>«Ас атасы - нан» (тақпақ)</p>	<p>«Таза қолдар» (ойын жаттығу)</p>	<p>«Дастархан басындағы дәстүрлер» (әңгіме)</p>	<p>«Ас адамның арқауы» (сұхбат)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.</p>				
	<p>«Не деу керек?» Ә.Дүсенбаев Апаң сенің базардан, Алма сатып әкелді. Ең үлкенін тәттісін, Саған таңдап әперді, Не деп барып жеу керек?</p>	<p>Тақпақ жаттау: Ұзын мұртты құмырсқа, Бара жатты жұмысқа.</p>	<p>Тақпақ жаттау: Қоян секең қағады, Сәбізді іздеп табады. Үйшігіне барады, Ауқаттанып алады</p>	<p>№1 Л/о: «Қанша қалды?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыт</p>	<p>«Жақсы-жаман» Р.Тышқанбаев Жақсы бала құлақ сап, Айтқаныңды ұғады. Төсегінен тұра сап, Таза ауаға шығады.</p>
<p>Білім беру</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Музыка</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Музыка</p>	<p>Дене шынықтыру</p>

